

«Бекітемін»

Мектеп директоры:  Г.Былыхиева

ПРОФИ TIME МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІНДЕ тренинг

Мақсаты:

- “Мамандық” құндылығы туралы түсінікті қалыптастыру;
- Мамандық таңдау нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру.

Міндеттері:

- Мамандық таңдаудың негізі шарттарын таныту ;
- Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу;
- Еңбекқорлыққа , еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.

Кіріспе

Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлемдесу, оқушыларды сабаққа дайындау.
- Сергіту сәті, шеңберт болып тұрамыз, бір бірімізге тек қана жақсы қасиеттерімізді жазайық. Оқушылар, сыныптастарының арқасында ілінген ақ қағазға, оқушының өзі байқаған жеке қасиетін жазады. Мысалы : ұйымшыл, белсенді, іскер, өнерлі.

МАМАНДЫҚ АЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?
МАМАНДЫҚ ӨЗІ НЕМЕНЕ
АЙНАЛАҢ ТОЛҒАН МАМАНДЫҚ
АЙНАЛАҢ ТОЛҒАН ӨНЕГЕ.

- Әр адам ерте ме, кеш пе өз өмірінде “Қандай мамандық иесі боламын?” деген сұраққа жауап іздейді. Мамандық таңдау – өте жауапты іс. Өйткені таңдаған мамандығың ертеңгі сенің өмірің, болашағың, қоғамның болашағы, еліміздің ертеңі. Америкалық кәсіптер сөздігінің мәліметтері бойынша 40 мыңға жуық мамандық түрі бар екен. “Профессия”- латын тілінен аударғанда “professio” анықталған іс, мамандық деген мағынаны береді. Мамандық қарапайым өмір сүрудің көзі болып табылатын және қандайда бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.

“Миға шабуыл ” - ой қозғауын бастайық.

1. Мамандық дегеніміз не?
2. Мамандық меңгеру үшін не қажет ?
3. Ауыл экономикасын көтеру үшін, ауылға ең алдымен қандай мамандықтар қажет деп ойлайсындар ?
4. Адам өз мамандығын тандаған кезде нені басшылыққа алу керек?
5. Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан , қалай дайындауы керек?
6. Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?

“Мамандық қасиеттері” тренингі 5 минут

- Мен белгілі бір мамандықтарды айтамын , ал тренингке қатысушылар аталған мамандықтарының бойында болуы қажет қасиеттерді тез арада атап беруі керек.

“Ең, ең ...” ойыны 3 минут

- Топтарға бөлінген оқушылар төмендегі берілген мінездемелерге сәйкес келетін мамандықтардың атауларын жазып, айтулары керек.

- I. ЕҢ ЖАСЫЛ МАМАНДЫҚ.....
- II. ЕҢ ТӘТТІ МАМАНДЫҚ.....
- III. НАҒЫЗ АҚШАЛЫ МАМАНДЫҚ....
- IV. ЕҢ ҚАУІПТІ МАМАНДЫҚ.....

“Әріпті мамандық” ойыны 7-минут

- Әр топқа бір әріптен беріледі . Әр топ өзара келісе отырып , сол әріптен басталатын мамандық аттарын жинақтап жазып , ауызша атап шығулары керек. Сонымен қатар өздері тапқан мамандықтарын қыр-сырын айту керек. Мысалы: 1 топ «А», 2 топ «Б», 3 топ «Д».

ТАЛДАУ : 3-минут

- Бүгінгі мамандыққа арналған тренинг сабағымыздан не алдыңыздар ?Өзіңіз үшін қандай қорытынды жасадыңыз, жақсы және кемшіліктер туралы ойландыратын жағдай болды ма ?Жалпы өз ойыңызбен тілегіңізді мына түрлі түсті стикерге жазып берсеңіз.

КӨК ЖҮЗІНЕ АЛАУЛАП
МІНДЕТТІ ЕМЕС АЙ БОЛУ
ЕҢ БАСТЫСЫ ҚАЛАУЛЫ
КӘСІБІҢЕ САЙ БОЛУ!!!

Қорытынды:

“Отанның болашағы , мемлекеттің келешегі жастардың қолында , яғни сендердің қолдарында , сондықтан олардың өрісті ойы, өркенді ісі, табанды тіршілігі тек біліммен ұштасқан біліктің арқасында биік белестерге жетеді” деген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің сөзімен бүгінгі тренинг сабағымызды аяқтаймыз.
Қатысқандарыңызға рахмет!

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.

Мамандық таңдау – адам
өміріндегі
маңызды қадам.